

Таким образом, комплексный подход способствует обучению младших школьников навыкам чтения на уроках различной предметной направленности и во внеурочное время в целом.

Литература:

1. Государственный общеобязательный стандарт начального образования Приложение 2 к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 № 604.
2. Современные проблемы читательской грамотности школьников [Электронный ресурс]. – [Режим доступа] <https://innovproekt.blogspot.com/2019/03/blog-post.html>
3. Кочетова П.Б. Как и почему меняются читательские интересы младших школьников и что с этим делать // Начальная школа. – 2003. – №1. – С. 11-13.
4. Ниталимова Л.В., Семенова С.Н. Развитие читательского интереса младших школьников. – М.: Ментор. – 2007.
5. Светловская, Н. Н. Методика внеклассного чтения: книга для учителя / Н.Н. Светловская. – 2-е изд., перераб. – М.: Просвещение, 1991. - 206 с.

Мауина З.Б.

«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ, Қарағанды қ.

Турганбаева Э.С.

«№17 жалпы білім беретін мектебі» КММ., Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ТИІМДІ АРТТЫРА ОТЫРЫП, ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Аннотация. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Мақалада қазақ тілінен оқушылардың сауаттылығын арттыру туралы баяндалған.

Кілт сөздер: кубизм, фушбоун, джигсо.

Қазақ тілін оқыту алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе. Демек, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде, адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр. Өйткені, озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып отырады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жанарып, жетіліп отырады.

Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тактаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, канспекттері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс. Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге қыса әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады.

Мән беріп оқыту технологиясы (қатысымдық әдіс) функционалды сөйлеудің грамматикалық жағы мен лексикалық бірліктерді меңгерудің негізі болып табылады. Бұл әдіс бойынша оқушыларды сабақтың басынан бастап сөйлесім әрекетіне баулу, тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету ескеріліп отырады. Өйткені кез-келген тақырыптағы тілдесім үдерісі сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау әрекеттері арқылы іске асады. Рөлдік

ойын әдісі арқылы оқушылар тез тілдеседі, образға енеді, оқушы өзін танытады, достарының пікірімен санасады, дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіреді, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сұрақ-жауап әдісін оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту мақсатында оқытудың барлық кезеңдері мен түрлерінде жиі қолданамын.

Қазақ тілі мен сабағында белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру әдебиет пәні мұғалімдерінің міндеті. Дарынды оқушыларды сөз өнеріне баули отырып, оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл, дарынды тұлға қалыптастыру.

Әр сыныптың ерекшелігін ескере отырып, сабақ жоспарлау барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға тырыстым. Негізгі көздеген мақсатым оқушылардың айтылым дағдысын дамыту. Ол үшін мынандай әдістерді қолдандым: «Джигсо» – көркем шығарманы оқып, әр оқушы өзі оқыған бөлікті топ ішінде түсіндіреді. «Әңгімені жалғастыр» - бұл оқушы қиялын шарықтату деңгейіне жеткізеді. «Фишбоун», «Екі жеке күнделік», «Кубизм» т.б. әдістерді үнемі жандандыру қолданысында пайдаланып отырдым.

Нәтижесінде оқушыларда ілгерілік, айтылым дағдыларының жақсарғаны, яғни, өз ойларын еркін, толық жеткізуге үйренді.

Мен көбінесе оқушылармен бірлесіп, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлдім. Оқушылар бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасауда қол жеткізген жетістіктерім:

- оқушының ең алдымен есте ұстау қабілетінің жоғарлауы;
- жиі-жиі ой талқысын жасау және терең түсінікпен ойлаудың дамуы арқылы оқушыны сөйлету;
- сабақта өз бетімен бақылаусыз отырғаннан гөрі оқушының жұмыс басты болуы;
- бір нәрсеге үйрету мәнді түрде қызығушылығын оянуы.

Жаңаша жаңғыртып оқыту, белсенді әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған. Бірақ бұның бәрі оқытушының шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет. Мұғалім жұмысты ұйымдастыра білуі қажет: мақсат қою, жұмысты жоспарлау, тапсырманы бөлу, оқушының әрекетін бақылау және бағалау, мұғалім шәкірттердің кеңесшісі болады. Туындаған мәселені шешуде ұстаз қызметінде оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері шешуші рөл атқарады.

Қойылған мәселелер оқушылар үшін мәнді болу керек, ол оқушылар қызығушылығынан туған жағдайда ғана мүмкін (Дж. Дьюм, 2000) [3].

Ұлы ақын Абай Құнанбаев: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - демекші, ұстаз үнемі ізденіс үстінде болады. Оқушы бойына оқу, тоқу арқылы мұғалімдік шеберлігін танытады. Жаңа әдіс арқылы бүгінгі күні білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға, олардың оқу еңбегіне деген жағымды мотивациясын қалыптастыру үшін, тиімді инновациялық шешімнің бірі сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану ұстаздың біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты.

Бүгінгі өмірін бала оқытып, білім беруге бел байлаған әр ұстаздың жандүниесі сенім мен тілектің шуағымен нұрлана түспек деп ойлаймын. Қашан да білімді ұрпақ-болашағымыздың кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры - жас ұрпақтың қолында болса, ұрпақтың тағдыры-бүгінгі ұстаздардың қолында.

Бүгінгі күннің талабы күннен-күнге жаңарып даму үстінде. Соған орай болашақ ел тұтқасын ұстар ұрпақтарымызды сапалы да, белсенді оқытуда Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары «қалай білім алу керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстануда»

Міне, сол мақсатта дайындалған «белсенді оқу» әдістері арқылы әзірленген оқу мақсаттарының және білім беру бағдарламасының жобаға еніп, ұстаздар қауымына жаңартылған білім беру бағытымен танысу, жаңа серпіліс берді.

Белсенді оқу әдістері арқылы әзірленген оқу мақсаттарының және білім беру бағдарламасының бірізділігі, белгілі бір жүйелі білім беру бағытын көздейді. Бұл белсенді оқыту стратегияларының құрамына мыналар кіреді: «оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерінің негізінде белсенді оқуға ынталандыру», «оқушылардың жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру», «оқу үшін бағалау» қағидаты бойынша оқуға қолдау көрсету».

Белсенді оқу оқушылардың бойында бұл қасиеттерді түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады және дамытады. Олар:

- оқушының жеке пікірін тыңдау;
- оқушыларды мұқият іріктелген шығармашылық және логикалық оқу тапсырмалары арқылы ынталандыру;
- оқушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуі үшін тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну және үлгісін көрсету;
- әртүрлі стиль мен жанрдағы жазба жұмыстардың үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер беру арқылы жазба жұмыстарын орындауды үйретеді);
- оқушылардың білім алуына «оқу үшін бағалау» және «оқуды бағалау» арқылы қолдау көрсету;
- оқушылардың пән бойынша меңгерген біліміне жүйелі түрде мониторинг жүргізу;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе.

Ақын Мағжан Жұмабаев «Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығаруы қажет», - деген ойлары арқылы тәрбиені келер күн талабымен ұштастырады. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтың тәрбиесінен кем түсіп көрген емес. Олай болса бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін сіңіруіміз керек. Өз тәжірибемде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарымызды өз сабақтарымда пайдаланамын. Сабақты түрлендіру арқылы мақал-мәтелдер, шешендік сөздерді қолданып бала бойында ұлтымызға ғана тән терең ойлау, шебер сөйлеу дағдыларын дамытып, тіл көркемдігін сақтауға өз үлесімді қосудамын. Халықтың тілі-халықтың жаны, тамыры, ойы, өрісі. Қазақтың ұлтшыл ақыны М.Шаханов: «Қай тілмен ақса перзенттік түйсік өрісің, сол тілдің гүлі, Сол тілдің қайраткерісің, Бар кезде таным, таныту өрлейді. Тек баба тілінді дамыта бермейді, Өзге тілдегі жеңісің» Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеуде, халық ауыз әдебиетінің қарапайым үлгілерін біртіндеп күрделенуіне қарай таңдап алдым. Тұлғаның рухани дүниесіне әсер ете отырып, ең алдымен әдептілігіне аса назар аудардым. Өйткені әдептілік-халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан барысында «әдеп», «әдептілік» деген түсініктер төңірегінде ұйымдастырған мақал-мәтелдер сайысы, ұлттық ойындар игі нәтижесін көрсетті. Тұлға бойында қайырымдылыққа баулып, жанашырлық, аяушылық сезімдердің туғызып тәрбиелеуде ертегілер рөлі жоғары. Себебі ертегі халық ауыз әдебиетінің құрылымы жағынан алғанда қарапайым, ал рухани құндылығы жағынан баға жетпес аса қымбат, көркем туынды болып есептеледі. Ертегілерді оқыту көріністер даярлау арқылы тұлға бойында сөз байлығының баға жетпес інжу-маржанын жинап, қиялына қанат бітіріп, өсіп-жетілуіне қажет нәрсенің мол қорын алдым. Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын - сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де, қызметін шама шарқынша сөз өнері атқара алады» деген. Еліміздегі бүгінгі оқушылар нарықтық реформа және өзгеден қоғамдық қатынастар жағдайында өскен ұрпақ. Ұлттық құндылықтар бұл жастардың құндылық бағыттылығына қалай да болса бір әсерін тигізеді. Қазіргі ұстазға қойылған негізгі талап бала санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру. Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландыру. Қазақ халқының поэтикалық өнерінің бала бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпалы мол. Балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» деп ұлы ақынның өзі айтқандай, ақынның өлеңдері туған жердің сұлу табиғатын, қазақ ауылының көріністерін, ақ көңіл ауыл адамдар бейнесі сан алуан сезімдерімен ұласып отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады. Тұлғаның дамуы – өте күрделі, ұзақ және қарама-қайшылыққа толы процесс. Өйткені тұлғаның дамуы қарама-қайшылықтар күресінен туындайды. Осы тұрғыда И.Г.Песталочии «Адамның ақыл ойының қалыптасуы, дұрыс дамуы ұлт тіліндегі оқулықтың мазмұны мен оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты» -деп ерекше атап көрсеткен. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтары ұлттық құндылықтарды пайдалану арқылы оқушының ішкі жан дүниесін демократияландыру идеясын басшылыққа алады. Қазақ тілі барлық білімнің негізі, алғашқы басқышы болғандықтан, тұлға шығармашылыққа қажетті білімді, дағдыны осы пәндерден игереді.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2007 жылғы 28 ақпан
- 2.МАН Екінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012
- 3.С.Мирсеитова «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде»

Медет Г.М.

**«Ю.Гагарин атындағы ЖББМ» КММ, Бұхар-Жырау ауданы
Шаушекова Б.К., Ибраева Э.С.
Академик ЕА. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу қызметі-қоршаған әлеммен танысуға, олар үшін жаңа білім ашуға бағытталған шығармашылық іс-әрекет. Оқушыларымен зерттеу жұмысын жаратылыстану пәнінде өткізген тиімді, себебі, оқушылар сабақ барысында меңгерген білімдерін зерттеу барысында қолданады. Зерттеу тақырыбы өзекті, оқушылар үшін маңызды және олардың қызықтыра білуі керек.

Кілт сөздер: зерттеу жұмыстары, жаратылыстану, бастауыш сынып оқушылары.

Бастауыш мектеп жасы - әр адамның өміріндегі ерекше кезең.Ол қоршаған ортамен танысуда бастауыш сынып оқушыларының ерекше белсенділігімен және танымдық, зерттеушілігімен сипатталады.Көптеген оқушылар қызығушылық танытып, тәжірибе жасауға деген ұмтылысын көрсете отырып, әртүрлі зерттеу жұмыстарына үлкен қызығушылықпен қатысады.Осы кезеңде баланың жанында оны қолдауға және дұрыс бағытқа бағыттауға қабілетті маман болуы өте маңызды.

Педагог, профессор Б.В.Всесвятский: «Зерттеу әдісі - бұл балаларға дайын түрде ұсынылған білім емес,қоршаған өмірдегі балалардың ұйымдастырылған түрдегі ізденуі. Білім дайын күйінде берілмейді, бірақ балалардың ізденуі арқылы нәтиже пайда болады», -деп зерттеу әдісіне анықтама берген.

А.И.Савенков «Зерттеу белсенділігі, бұл баланың табиғи жағдайы, ол зерттеушілік мінез-құлықты тудырады және баланың психикалық дамуы бастапқыда өзін-өзі дамыту процесі ретінде өрбуіне жағдай жасайды», - деген, ал Е.А.Крючкованың пікірінше, қазіргі уақытта білім беру процесінің маңызды міндеті-оқушылардың зерттеу қызметіне бағытталған зерттеу дағдыларын қалыптастыру.Бастауыш сынып оқушыларын зерттеу жұмыстарына тарту оларға жаңа нәрселерді игеруге, ойлап табуға және түсінуге, өз ойлары мен идеяларын тұжырымдауға және білдіруге, қажетті шешімдер қабылдауға, өз мүдделерін нақтылауға және мүмкіндік береді[1, б.5].

Қазір оқытудағы зерттеушілік тәсілдің элементтері мектептерде кеңінен қолданылып, әр оқушының интеллектуалдық және шығармашылық дамуына мүмкіндік жасап, дарынды балаларға ерекше көңіл бөлінуде.Зерттеу жұмыстары, тәжірибелік сипаттағы іс-шаралар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мұндай мүмкіндіктер бастауыш сынып оқушыларына жаратылыстану сабағында беріледі.

«Жаратылыстану» пәнінің маңыздылығы жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем туралы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына ықпал етуімен анықталады.Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру қоршаған әлемнің күрделілігі мен көпқырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен үрдістердің өзара байланысын, жанды және жансыз табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің себептерін, жаратылыстану-ғылымдық білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын, алуан